



Эразмус+ в КазНУ

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошло Координационное совещание по Европейскому проекту «Эразмус+» – «Улучшение интеграции высшего образования и корпоративных секторов в соответствии с новой социальной средой». Данный проект был одобрен в 2016 году Европейской комиссией и впервые его координатором был выбран КазНУ.

Продолжение на 2 стр.

ЖОСПАР - НАҚТЫ, МАҚСАТ - АЙҚЫН



ЕЛ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАЙРАТКЕР

Қазақ ұлттық университетінің өскелең ұрпаққа өнегелі жол нұсқайтын, заманымыздың қайраткер тұлғаларын ардақтайтын әрі насихаттайтын «Өнегелі өмір» сериясының кезекті шығарылымы Закарин Асқар Закарияұлына арналып шықты.

Оқу ордамыздың жыл санап абырой-дәрежесінің артуына республиканың бетке ұстар осынау жоғары оқу орнының тізгінін ұстаған абзал азаматтардың қосқан үлесі қомақты. Олардың орасан зор ағартушылық, ұйымдастырушылық еңбегі арқасында ҚазҰУ-дың бүгінгі бітім-болмысы, бет-бейнесі қалыптасты. Сондай азаматтардың бірі де бірегейі – Асқар Закарияұлы.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, математика-ғалым Асқар Закарияұлы Закарин – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін тамамдаған тұңғыш қазақ. Асқар Закарияұлы 1937 жылы Алматыға оралып, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында ұстаздық қызметке кіріседі. Шәкірт тәрбиелей жүріп, жоғары геометрия саласындағы зерттеу жұмыстарымен айналысады.

Ұлы Отан соғысынан кейін 1946 жылы сәуірде Асқар Закарин Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтындағы ұстаздық жұмысын жалғастырып, 1950-1953 жылдары осы оқу ордасының басшысы болды.

Ол – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің екі мәрте ректоры болған жалғыз тұлға.

Асқар Закарияұлы Еуропаға барған сапарларынан «Шіркін-ай, біздің елде де осындай жоғары оқу орнының қалашығы болса екен...» деген арманмен келіп, сол арманын қазіргі ҚазҰУ қалашығының іргетасын қалауы арқылы жүзеге асырды. Механика-математика факультетіне арналған жаңа ғимаратты салдырып, жоғары оқу орындары үшін біліктілікті арттыру факультеті мен философия-экономика факультетін, гидробиология, ихтиология, метеорология, жоғары математика, орыс филологиясы, қатты денелер физикасы кафедраларын ашты, математика факультеті негізінде республикадағы тұңғыш есептеу орталығын құрды.

Жалғасы 2-бетте

Кезекті ректорат отырысы дәстүр бойынша марапаттау рәсімінен басталды. «Қазақстан РТРК» АҚ басқарма төрағасы Ерлан Карин «Qazaqstan» телеканалының 60 жылдығына арналған Qazaqstan – еліміздің телеөпоясы: ұлттық арнаның даму моделі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастырып, оның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқаны үшін университет ректоры Ғалым Мұтановқа, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекке, баспа және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаеваға алғыс білдірді. Сонымен қатар ғылым мен техника саласындағы жоғары көрсеткіштері үшін органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер кафедрасының аға оқытушысы, PhD Жансая Нұрпейісова ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының лауреаты атанды.

Мәжілісте алғаш болып QS Subject Ranking-те география және табиғатты пайдалану факультеті кафедраларын алға жылжыту бойынша Жол картасы туралы метеорология және гидрология кафедрасының меңгерушісі Рустам Абдрахимов баяндама жасады. Оның айтуынша, метеорология және гидрология кафедрасында Орта Азияның ұлттық гидрометеорология қызметтеріне (ОАҰГК) арналған қашықтықтан білім беру (ҚББ) желісі орталығы құрылып, қазіргі күні табысты қызмет етіп келе жатыр. Аталмыш орталық әлемдік банк гранты бойынша ашылған. «Орталық ұлттық гидрометеорологиялық қызметтердегі метеоролог және гидролог мамандар, осы бағытқа қызығушылық танытатын ұйымдар мен республика оқытушылары үшін білімі мен біліктілігін арттыруға бірден-бір мүмкіндік», – деді кафедра меңгерушісі. Осы ретте Р. Абдрахимов заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қажетті білім алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан білім берудің ерекшеліктерін баяндап, өзіндік тәжірибесімен бөлісті.

Өз кезегінде география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі Гүлнәр Нүсіпова «География» мамандығы бойынша Зальцбург (Аустрия) және Ыстамбұл (Түркия) университеттерімен координаттық бағдарламалар ашылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ, Ресей, Швейцария елдерінен 2 оқытушыны ғылыми-зерттеу жұмыстары жобасы аясында кафедрада сабақ беруге шақыру жоспарланып отыр. Хабарламасында Гүлнәр Нұрмұхамедқызы 2018 жылдың 14-17 маусым аралығында «GIS in Central Asia 2018 Conference – GISCA'18» атты халықаралық конференция өтетіндігін атап өтті.

Күн тәртібіне сәйкес ректорат мәжілісінде өзге де меңгерушілер кафедраларын алға жылжыту бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысына тоқталып, биылғы жылғы жоспардағы ғылым индексі нәтижесі, оқу-әдістемелік жұмысы, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ағылшын тіліндегі имидждік жарияланымдар сынды мәселелерге басымдық берілді.

Ақмарал ӘЛИЕВА

БҮГІНГІ САНДА:

МЕЖДУНАРОДНАЯ
ВЫСТАВКА



2-стр.

SUSTAINABLE
DEVELOPMENT GOALS:
WHAT CAN I DO?



4-page

АЛАШ ДЕП
СОҚҚАН ЖҮРЕГІ...



6-бет

КазНУ им. аль-Фараби принял участие в работе Евразийского саммита по высшему образованию (EURIE) в г.Стамбул (Турция).

Международная выставка



EURIE является третьей по величине выставочной площадкой высшего образования и науки в мире, целью которой является популяризация огромного научно-

образовательного потенциала Евразийского региона в мире, а также на развитие партнерства между вузами Турции и Евразийских стран.

Соб.кorp.

KAZNU.KZ

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Қазақстан кино апталығы басталды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мұрындық болған шара «Алғыс айту» күніне орай ұйымдастырылып отыр. Шараның мақсаты – еліміздің тарихын, мәдениеті мен өнерін жаңғырту әрі насихаттау, өскелең ұрпақты тарихтағы елі мен жері үшін тар жол тайғақ кешкен тау тұлғалардың өмірімен таныстырып, патриоттық тәрбиеге баулу.

Қазақстан кино апталығы кинорежиссер, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сатыбалды Нарымбетовтің «Аманат» көркем фильмімен бастау алды. Айта кетерлігі, «Аманат» фильмі «Шет тіліндегі үздік фильм» номинациясы бойынша «Оскар» сыйлығына ұсынылған болатын. Сонымен қатар аталмыш кино Испания, Италия, Польша, Германия және де екі апта бойы Лос-Анджелесте көрсетілген.

Қазақстан кино апталығы алдағы уақытта ҚазҰУ-дың «Кермет» студенттерге қызмет көрсету орталығында жалғасын таппақ. Ақпанның 20-25 аралығында студенттер қазақстандық режиссерлердің «Заман-ай», «Сталинге сыйлық», «Жерұйық», «Алжир», «Оралман», «Жат» көркем фильмдерін тамашалай алады.

КазНУ имени аль-Фараби объединил Вузы Унаі г. Алматы инициировав обращение к участникам встречи высокого уровня.

Студенты и молодые ученые вузов-участников программы UNAI (Программа ООН «Академическое влияние») под эгидой Регионального ресурсного Центра Содействия ООН, ФМО КазНУ имени аль-Фараби при поддержке Представительства МИД РК в г. Алматы и Департамента общественной информации ООН г.Алматы подготовили обращение участникам встречи высокого уровня «Казахстан – Организация Объединенных Наций: опыт, достижения и перспективы сотрудничества».

Встреча высокого уровня была посвящена 25-летию открытия первого представительства ООН в Казахстане. Глава внешнеполитического ведомства (МИД РК) К. Абдрахманов, аким г. Алматы Б.Байбек, главы агентств ООН в Казахстане, представители дипкорпуса, академического и экспертного сообщества приняли участие в данном мероприятии.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми-технологиялық парк базасында халықаралық қатынастар факультетінің бастамасымен «СБИ мен старт-аптарды құру» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Семинар-тренинг студенттік бизнес-инкубаторларды құру мен өз идеянды старт-ап жобасына айналдыру жолдарына арналды. Факультет студенттері мен оқытушылары ЕХРО 2017: Future energy көрмесі карсанында альтернативті энергия мен жасыл технологияны дамыту мақсатында ашылған университеттің жасыл технология зонасына экскурсия жасады.

Сондай-ақ студенттер Ғылыми-технологиялық паркте орналасқан компаниялармен және старт-ап компанияны тіркеген жағдайда студенттерге берілетін инфрақұрылыммен танысты.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Эразмус+ в КазНУ

Продолжение. Начало на 1 стр.

В работе Координационного совещания приняли участие представители Университета Сантьяго Компостела (Испания), Афинского университета экономики и бизнеса (Греция), Университетов Ниццы – Софии Антиполис (Франция), Университета Шопрон (Венгрия), Российского университета дружбы народов, Самарского государственного экономического университета, Орловского государственного университета им. И.С. Тургенева, КазНУ им. аль-Фараби и ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Обращаясь с приветственным словом к участникам Координационного совещания, первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев сказал о большой важности проводимого мероприятия, которое направлено на достижение общих целей по

передовой опыт деятельности в этой сфере. Было отмечено, что участники проекта за год успели ознакомиться с опытом многих Европейских вузов, где предприятиям и компаниям, тесно сотрудничающим с вузами, оказывается поддержка на государственном уровне. Что очень важно, коллаборация предприятий с вузами в Европейских странах закреплена на законодательном уровне, что значительно повышает значимость их образовательных программ.

Так, например, во Франции и Венгрии студенты уже во время учебы начинают работать в конкретных компаниях и выполняют проекты для достижения определенного результата. Это интеграция образовательного процесса с реальной практикой бизнеса является для студента самой интересной и полезной,



обмену знаниями и опытом, улучшению сотрудничества бизнеса и вузов в странах консорциума. На встрече также выступили координатор проекта «Erasmus+» национального офиса Казахстана Шайзада Тасбулатова, представитель МОН РК Рауза Мендалиева, проектный координатор КазНУ Шолпан Жомартова и другие.

Участники совещания рассмотрели вопросы взаимодействия бизнеса и вузов, законодательного обеспечения сотрудничества бизнеса и высших учебных заведений, а также

гарантированно обеспечивая им рабочие места.

В завершение совещания участники выработали общую позицию и взгляд по дальнейшему развитию и продвижению, с тем чтобы интеграция бизнеса и образовательных программ была более тесной и результативной. В настоящее время КазНУ участвует в 30 проектах по мобильности и 6 по повышению потенциала высшего образования.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЕЛ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАҰРАТКЕР



Студенттердің Мұхтар Әуезов атындағы әдеби бірлестігі, «Жеті муза» қоғамы да А.Закарин тұсында ашылды. Республиканың сыртқы саяси қызметіне басшылық жасаған қайраткер университетті халықаралық деңгейге көтерді, осы жылдары оқу орнында әлемнің 20 елінен келген ғалымдар мейман болып, студенттер 36 елге сапар шекті. Алғашқы студенттік құрылыс отрядтары, көркемөнерпаздар үйірмелері өмірге келді.

Жоғары геометрия кафедрасын 1984 жылға дейін үздіксіз басқарған Аскар Закарин математика пәні бойынша қазақ тілінде оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми-көпшілік кітаптар жазды. Алаш арыстарының ағартушылық бағытын жалғастырған еңбектері бүгінгі ұлттық идеямызбен үндесіп жатыр. Бұл қайраткер-ғалым мұрасының өміршеңдігін, халқымызбен бірге жасай беретіндігін көрсетсе керек.

Л. Н. ОРАЗБЕКОВА,
ф.-м.ғ.к., доцент,
іргелі математика
кафедрасы меңгерушісінің орынбасары;
С.М. НАРБАЕВА,
іргелі математика
кафедрасының оқытушысы

ҚазҰУ-да ЖОО кітапханалары жұмысының қазіргі кезеңдегі өзекті бағыттарын талқылауға арналған II халықаралық конференция өтті

Фактор успеха

Проблемы образования заняли центральное место в программной статье Президента РК Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». «Каждый казахстанец должен понимать, – подчеркнуто в статье, – что образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером. Если в системе ценностей образованность станет главной ценностью, то нацию ждет успех». Это положение статьи получило дальнейшее развитие в Послании Президента РК народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции», прежде всего, в контексте развития человеческого капитала как основы модернизации страны.

В Послании охвачены все уровни образования. Заметно выделяется мысль о подготовке молодежи к новому технологическому укладу, к интегрированию молодого поколения в научно-исследовательскую и промышленно-технологическую среду. Это усиление качества преподавания математических и естественных наук на всех уровнях образования, создание во всех регионах на базах дворцов школьников сети детских технопарков и бизнес-инкубаторов со всей необходимой инфраструктурой и гармоничное дополнение современным техническим сопровождением содержательности обучения и мн. др. Особое внимание обращено на обновление программ обучения в техническом и профессиональном образовании с привлечением работодателей и с учетом международных требований и цифровых навыков. Указано на необходимость продолжения реализации проекта «Бесплатное профессионально-техническое образование для всех». В контексте задач, стоящих перед высшим образованием, обозначена необходимость увеличения числа выпускников, обученных информационным технологиям, работе с искусственным интеллектом и «большими данными». В исследовательской работе приоритетными направлениями должны быть такие области, как металлургия, нефтегазохимия, АПК, био- и IT-технологии.

Следует отметить, что важность технического образования для развития государства Н.А. Назарбаев отмечал и ранее. Еще выступая на II Конгрессе молодежи Казахстана 13 ноября 2002 года, Н.А. Назарбаев подчеркнул, что необходимо по-новому взглянуть и осознать роль технического образования, что в национальной модели образования этот жизненно важный сектор должен занять доминирующее положение, поскольку уже в недалеком будущем именно технические специалисты станут стержнем устойчивого социально-экономического развития страны.

Современные условия свидетельствуют о дальновидности Президента. Однако внимание к технологическому аспекту развития общества не умаляет значения духовности. «Наращивание потенциала нации требует дальнейшего развития нашей культуры и идеологии. Смысл «Рухани жаңғыру» именно в этом, – отмечено в Послании. – Идеалом нашего общества должен стать казахстанец, знающий свои историю, язык, культуру, при этом современный, владеющий иностранными языками, имеющий передовые и глобальные взгляды».

И еще один аспект Послания Президента необходимо обозначить. Практически через весь текст документа проходит мысль о большой роли молодого поколения в развитии страны. Актуализация Послания в молодежной среде, особенно в студенческой, будет способствовать более активному включению юношей и девушек в его реализацию.

Л.Ю. ЗАЙНИЕВА,
доктор политических наук,
профессор кафедры политологии и политических технологий

Қазақстан дамуының заманауи бағдары

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деген атпен осы жылдың 10 қаңтары күні республикалық басылымдарда жарық көрді. Бұл Жолдау – Елбасының әр жылы халыққа арналған Жолдауларының қисынды жалғасы.

Елбасы мемлекетіміздің заманауи даму кезеңдеріндегі негізгі он приоритетті бағдарларды көрсетіп, соларға кеңірек тоқталып өткен. Олар: 1. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. 2. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту. 3. «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі. 4. Көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру. 5. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу. 6. Қаржы секторын «қайта жаңғырту». 7. Адами капитал – жаңғыру негізі. 8. Тиімді мемлекеттік басқару. 9. Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі. 10. «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін. Осы аталған приоритетті бағыттардың қай қайсысы болса да өте өзекті әрі маңызды болып табылады.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауындағы алғашқы үш тапсырма: жаңа технологияларды енгізу көшбасшысы ретіндегі индустрияландыру саласына, ресурстық әлеуетті одан ары дамыту мен рационалды пайдалануға, «ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндіктерінің бірі ретіндегі жасыл экономиканы дамыту мен енгізу тақырыптарына арнала отырып, еліміздің жаңа дәуірдің міндеттеріне сай тұрақты өркендеу даңғылына түсуінің бағдарларын айшықтайды.

Елбасының биылғы Жолдауында қарастырылған приоритетті бағдарлардың ішіндегі төртінші тапсырма – көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру. Сондай ақ, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу, қаржы секторын «қайта жаңғырту» деген мәселелерге арналған. Қазақстан соңғы жылдары әртүрлі халықаралық көпжақты келісімдерге бара отырып, өзінің ішкі көлік жолдары құрылымдарын ғана емес, сонымен бірге еліміздің транспорттық әлеуетін халықаралық дәрежеде тиімді пайдалану тәжірибесіне қарай ден қоя бастады. Соның бір мысалы ретінде бірнеше мемлекеттер қатысатын «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жол белдеуін, құрылымдық периметр бойынша өтетін автомагистральдар инфрақұрылымын дамыту тәжірибесі. Бұл тұрғыдан аласақ, автожолдар салынып, негізгі жоспар аяқталу шегіне жетіп қалды. Енді осыларды толыққанды іске қосып, одан мемлекетке пайда түсіру, транспорттық коммуникациялық әлеуетті жетілдіру

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

05 ҚҰРЫЛЫСҚА ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ СЕКТОРҒА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Бүгінде Қазақстан арқылы бірнеше трансконтиненталды коридор өтеді. Бұл туралы көп айтылды.

Жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар арқасында Қазақстанда пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемі жылына 10 миллион шаршы метрден асты.	Тұрғын үйді көпшілікке қолжетімді еткен тұрғын үй жинақтау жүйесі тиімді жұмыс істеуде.	Баспанамен қамту көрсеткіші соңғы 10 жылда бір тұрғынға шаққанда 30 процентке өсіп, бүгінде 21,6 шаршы метрді құрады.	Бұл көрсеткішті 2030 жылы 30 шаршы метрге дейін жеткізу керек.	Осы міндетті орындау барысында құрылыс салудың жаңа өдістерін, заманауи материалдарды, сондай-ақ ғимараттардың жобасы мен қала құрылысының жоспарын жасағанда мүлде басқа тәсілдерді қолдану керек.
--	---	---	--	---

арқылы көліктік логистикалық мүмкіндіктердің тиімділігін арттыру стратегиясының логикалық жалғасы екендігін көре аламыз.

Құрылыс пен коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу арқылы мемлекет ішкі нарықтағы қолжетімді тұрғын үй проблемаларын реттеуге ұтымдылен қатар, салынатын жаңа әлеуметтік мемлекеттік нысандардың сапасын көтеру, мемлекеттік жекеменшік серіктестік есебінен бағасын төмендету мақсатын көздейтінін де аңғаруға болады.

Қаржы секторындағы алаяқтықпен күресуді күшейту, жалған заңсыз жолдармен халықты, азаматты алдаушылардың іс әрекетін тыю мен заңмен қудалау мәселелері де бұл Жолдаудың аясында көрініс тапқан сияқты, өйткені аталмыш саладағы заңнамаларды «қайта жаңғырту» тұрғысында сөз қозғалды. Қандай жағдай болса да Президентіміз: «Мемлекет қарапайым азаматтардың мүдделерін қорғауға одан әрі кепілдік береді», – деп қадап көрсеткен.

Аталған Жолдауда Елбасы Н.Ә. Назарбаев жетінші басым тапсырма ретінде: «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп ерекше көрсетті. Біздіңше, бұның өзіндік астары бар. Тек адамы мен азаматына жағдай жасап, олардың ауқаттылығын, ақыл парасатын ескере отырып, білім мен ғылымын жетілдірген мемлекет қана шын мәнісінде мықты болмақ. Сондықтан да, мемлекет өмірін көгертуде, кемелдендіруде қай уақытта болмасын адам рөлін, ондағы интеллектуалдық капиталдың маңызы зор болмақ. Демек, Мемлекет басшысының осы жетінші тапсырмаға кеңірек тоқталуы, әрбір Жолдауда адам өмірінің сапасын жақсартуға,

зияткерлік қорларды қолдауға ерекше екпін аударуы осы мәселенің айрықша мән мен мазмұнына ие екендігін айғақтап тұр. Бұл тапсырма аясында мемлекеттің стратегиялық мақсат мүдделері жинақталған. Болашаққа нық қадам басу үшін саналы ұрпақ тәрбиелеу, өскелең жастарды оқыту мен тәрбиелеудегі олқылықтарды түзеу, балаларға білім мен тәрбие кеңіші болып табылатын ұстаздардың жағдайын жақсарту, жаңа сападағы әлемдік стандарттарды менгеруге қатысты қазіргі күрделі мәселелерді шешуге қатысты тұжырымдар жасалған.

ҚР Президенті Жолдауындағы келесі бір тапсырмалар жиынтығы мемлекетті тиімді басқару саласына қатысты көптеген проблемаларды көтеріп, олардың шешу жолдарын ұсынады. Осы тапсырма контекстінде мемлекеттік билік пен халық арасындағы серіктестікті тереңдету, мемлекеттің бизнесті қолдауы, «Бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету» қарастырылған. Жоғарыда айтылған мақсаттармен қоса, «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» стратегиясын жүзеге асыруда жемқорлықсыз Қазақстан құру мәселелері осы Жолдаудың тоғызыншы тапсырмасында ашық айтылған.

«Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін деген оныншы тапсырмада Елбасымыз еліміздің астанасы тәжірибесінде «Смарт сити» «эталонды» стандартын қарастырып енгізуді және басқа қалаларымызда да ең үздік озық үлгілерді енгізіп, тәжірибе алмасуға шақырады. Бұл дегеніміз Президент қазіргі әлемдегі ең дамыған елдердегі, бизнес пен қаржының қайнар көзіне айналып отырған қалалар мен орталықтардың тәжірибесін ала отырып, бәсекеге қабілетті ұлттың қалаларын қалыптастырудың нұсқасын жасап, іске қосуды мензеп отырғандығын байқаймыз.

Қорытынды ретінде айтар болсақ, Президенттің көтеріп отырған мәселелері мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігін көтерумен қатар, ондағы адам мен азаматтың рөлін, әрқайсымыздың өз саламызда өзімізге қойылатын талаптың, жауапкершіліктің де маңыздылығын көрсетіп беріп отыр. Мемлекеттің байлығы мен дамығандығының кепілі – оның азаматтарының білімі мен әл ауқатының артуымен, олардың жер жаһанда бәсекеге барынша қабілеттілігімен өлшенеді. Президентіміз көрсеткен тапсырмалар әрқайсымызға арналған, өз өзімізді дамыту мен Отанымыз үшін еңбек ету жолында қажетті бағдардың бірі деп айтуға болады. Сондықтан Қазақстанның әлемдегі ең дамыған әрі қуатты мемлекет болуы үшін әрбір азамат өзіне қоятын талапты осы тұрғыдан есептегені, Елбасының алға қойған тапсырмаларын дұрыс түсініп, дұрыс жүзеге асыра білуі біздің бұдан ары да өркендеп, көркеюінің кепілі болатындығын үнемі есте сақтағанымыз жөн.

Ерғали ОМАРҒАЗЫ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
саясаттану және саяси технологиялар
кафедрасының доценті м.а.

ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

Ғимараттардың сапасына, экологиялық тазалығына және энергиялық тиімділігіне жоғары талап қояу қажет.	Салынатын және салынған үйлер мен инфрақұрылымдық нысандарды интеллектуалды басқару жүйелерімен жабдықтау керек.	Бұл тұрғындарға қолайлы жағдай жасап, электр энергиясын, жылу мен суды тұтынуды қысқартып, табиғи монополистерді тиімді жұмысқа ынталандырады.	Заңнамаға, соның ішінде табиғи монополиялар саласын реттейтін заңдарға тиісті өзгерістер енгізу қажет.	Әкімдер тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жетілдіру мәселесін мемлекет-жекеменшік әріптестігі негізінде белсенді шешуі керек.	Ауылдық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Үкімет бұл іске барлық қаражат көздерінен жыл сайын кем дегенде 100 миллиард теңге қарастыруы қажет.
--	--	--	--	--	--

Инфографикаларды жасаған Амангелді КИЯС, «Егемен Қазақстан»

AN INTERESTING STORY TO READ:

One beautiful spring day a red rose blossomed in a forest. Many kinds of trees and plants grew there. As the rose looked around, a pine tree nearby said, "What a beautiful flower. I wish I was that lovely." Another tree said, "Dear pine, do not be sad, we can not have everything." The rose turned its head and remarked, "It seems that I am the most beautiful plant in this forest." A sunflower raised its yellow head and asked, "Why do you say that? In this forest there are many beautiful plants. You are just one of them." The red rose replied, "I see everyone looking at me and admiring me." Then the rose looked at a cactus and said, "Look at that ugly plant full of thorns!" The pine tree said, "Red rose, what kind of talk is this? Who can say what beauty is? You have thorns too." The proud red rose looked angrily at the pine and said, "I thought you had good taste! You do not know what beauty is at all. You can not compare my thorns to that of the cactus." "What a proud flower", thought the trees. The rose tried to move its roots away from the cactus, but it could not move. As the days passed, the red rose would look at the cactus and say insulting things, like: This plant is useless? How sorry I am to be his neighbor. The cactus never got upset and he even tried to advise the rose, saying, "God did not create any form of life without a purpose." Spring passed, and the weather became very warm. Life became difficult in the forest, as the plants and animals needed water and no rain fell. The red rose began to wilt. One day the rose saw sparrows stick their beaks into the cactus and then fly away, refreshed. This was puzzling, and the red rose asked the pine tree what the birds were doing. The pine tree explained that the birds got water from the cactus. "Does it not hurt when they make holes?" asked the rose. "Yes, but the cactus does not like to see any birds suffer," replied the pine. The rose opened its eyes in wonder and said, "The cactus has water?" "Yes you can also drink from it. The sparrow can bring water to you if you ask the cactus for help." The red rose felt too ashamed of its past words and behavior to ask for water from the cactus, but then it finally did ask the cactus for help. The cactus kindly agreed and the birds filled their beaks with water and watered the rose's roots. Thus the rose learned a lesson and never judged anyone by their appearance again.

Sustainable Development Goals: WHAT CAN I DO?

The 1st year students of the faculty of Chemistry and Chemical Technology recently have had an event called "Sustainable Development Goals : What can I do?" It was devoted to 17 Sustainable Development Goals defined by the United Nations to tackle the world's biggest problems by 2030.

All students of the group actively participated in this event because they understand that it is in their interest to know about these goals. The issue of sustainability is one that concerns everybody: everyone needs a better place to live, some people want better homes and housing, while other people want better schools, more jobs, better shops, cleaner and safer streets. Others may want all these things. To solve the world's problems, the next generation needs to know what those problems are. More than 40% of the global population are between the ages of ten and 24- the largest youth population ever.

The coordinators of the event were Suleymenova Ainagul and Nurlanov Albert. They began their opening speech with a rhetorical question "Why should we know the UN's development goals?" and gave an answer: the 17 Sustainable Development goals are a universal call to action to end poverty, protect the planet and ensure that all people enjoy peace and prosperity. Hundreds of millions of people do not have enough food to eat; women still earn less than men and have fewer rights; plant and animal species are rapidly vanishing; and the gap between rich and poor is indeed getting wider.

All students of the group actively participated in this event because they understand that it is in their interest to know about these goals. Muratbekova Aiya and Ersyn Adiya spoke about goal № 16 (Peace, Justice, Strong Institutions), Iniyativa Gulfairuz and Dautova Venera acquainted classmates with the goal № 3 (Good health and Well Being), Suleimeniva Ainagul gave a talk about goal№ 4 (Quality Education), MukhametzhanaKniyet and Abu Moldir spoke about goal № 13 (Climate Action), Imamusenova Asal and Abdysattar Gulfarizada –goal № 1(No Poverty) and Kurmashev Rahat and Kan Nastya –goal № 6 (Clean Water and Sanitation). All the speakers noted that all the goals are highly ambitious. No country, organization, institution, government or business can achieve



them alone. Every country, people, community and every citizen should be involved in tackling these goals and making the positive changes for people and planet.

The students of the group 101 of the Faculty of Chemistry and Chemical Technology call on all the student community of al-Farabi University to be involved in making these goals a reality!

Here are the 17 Sustainable Development goals

- 1) End poverty in all its forms everywhere.
- 2) End hunger, achieve food security and improved nutrition, and promote sustainable agriculture.
- 3) Ensure healthy lives and promote wellbeing for all at all ages.
- 4) Ensure inclusive and equitable quality education and promote lifelong learning opportunities for all.
- 5) Achieve gender equality and empower all women and girls.
- 6) Ensure availability and sustainable management of water and sanitation for all.
- 7) Ensure access to affordable, reliable, sustainable and modern energy for all.
- 8) Promote sustained, inclusive and sustainable economic growth, full and productive employment, and decent work for all.
- 9) Build resilient infrastructure, promote

inclusive and sustainable industrialization, and foster innovation.

10) Reduce inequality within and among countries.

11) Make cities and human settlements inclusive, safe, resilient and sustainable.

12) Ensure sustainable consumption and production patterns.

13) Take urgent action to combat climate change and its impacts (taking note of agreements made by the UNFCCC forum).

14) Conserve and sustainably use the oceans, seas and marine resources for sustainable development.

15) Protect, restore and promote sustainable use of terrestrial ecosystems, sustainably manage forests, combat desertification and halt and reverse land degradation, and halt biodiversity loss.

16) Promote peaceful and inclusive societies for sustainable development, provide access to justice for all and build effective, accountable and inclusive institutions at all levels.

17) Strengthen the means of implementation and revitalize the global partnership for sustainable development.

Albert NURLANOV,
Chemical Faculty student, gr.101;
A.A. MULDAGALIYEVA

Even in childhood, there are many joyful moments to remember - birthday parties, trips to the local amusement parks, or bicycle-riding lessons. But, it is not until your adult life that you go through many of your most valuable and meaningful events, for instance, we may find our university time the most important of them. Personally though, I consider myself lucky, because I'm studying at Kazakh National University and I should say that I am a double-lucky person because I live in Almaty or City of thousands colors and which I consider to be my most valuable experience.

My experience in the City of thousand colors



My experience in Kaz-NU and visiting Almaty has given me a lot of chance to sharpen my skills and expand in the field of my education. I am truly thankful to all Kazakh People for providing these opportunities for me. Meeting new people and learning about new culture are the most exciting

things anybody can ever enjoy in his life, and making new friends with different views on life is a really amazing experience. During the first year of my studies in Language Center I learnt a lot about many Kazakh traditions that I have been unaware of their

existence. I have found many friends here and I will never forget happy times I spent with them.

Living in Almaty, the City of thousands colors, and studying at al-Farabi university is a real happiness and whenever I come to my class and

meet my classmates I feel like I am the most lucky guy in the world!!!

Akbary Muhammad Bashir,
Faculty of Mechanics and Mathematics
Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

Ұлы ұстаз есімі ұмытылмайды

Қазақтың заң саласындағы ірі ғалымы, белгілі мемлекет қайраткері Асабай Мамытов 1912 жылы 15 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Қызылқұм ауданындағы Шардара ауылында дүниеге келген. 1930 жылы 7 жылдық мектепті бітірген соң Ташкенттегі медреседе оқып, кейін Шымкенттегі есепшілер курсына бітірген.



сырлас-мұндас, ізбасар пікірлес ғалым серіктері болса, Х.Жадбаев, М.Сыздықов, Ш.Чинхоев, Р.Орынбаев, Н.Филимонова сияқты үлгілі ұстаздар Асекеннен тәлім алған ел құрметіне бөленген заңгер-ғалымдар еді. Ұстазымыздың бір ерекшелігі — ол прокуратура, сот саласында жинақтаған көп жылғы тәжірибесін қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу пәндерінен дәріс оқығанда студенттерге жиі әңгімелейтін, мұндай оқыту әдісі студенттерді ерекше қызықтыратын. Осыдан да болу керек, Асекеннің дәрісіне студенттер түгел қатысып, аузынан шыққан ұлағатты сөздерді ерекше ынта қойып тындаушы еді.

Емтихан алу кезінде ол кісі өте қатал әрі әділ болатын. Жалған сөйлейтіндерді, қулыққа салынатындарды әшкерелеуден қорықпайтын. Асабай Мамытовтың осы әділетті қасиетін студенттер ерекше бағалады.

Асабай Мамытовтан білім алған Ө.Сейітов республика прокуроры, Қ.Мыңбаев Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы, М.Уәлиев КСРО Жоғарғы Сотының мүшесі болып Қазақстанның беделін биікке көтерді.

Асабай Мамытұлының ғылым саласындағы еңбегі орасан зор. Қазақ қоғамындағы орын алған қылмыстылық мәселесі, оның шығу себептерін терең зерттеді. Қазақ КСР-інің 1959 жылы қабылданған алғашқы қылмыстық кодексіне көрсетілген екі немесе одан да көп әйел алу үшін, сондай-ақ жезөкшелікпен айналысатындардың қылмыстық жауаптылығы туралы баптардың заң ретінде қабылдануына тікелей әсер еткен ғалым Асабай Мамытұлы болды.

Егемендік алғаннан кейін 1997-2014 жылдар аралығында қабылданған жана қылмыстық кодекстерде жоғарыда аталған баптар өз көрінісін таппады. Соның теріс көріністері күнделікті өмірде көрініп жүр. Жезөкшелікпен айналысу салтка айналды.

Олар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды, ал оларды тартуға әрекет жасағандар жезөкшелікке жеңгетай болғандар ғана қылмысқа тартылады да, жезөкшелердің өздері бұрынғыша жауапсыз қалып, өз ойларын жүзеге асыра береді. Жезөкшелік қазақ даласында ежелден жат құбылыс, қоғамға өте қауіпті әрекет деп саналған. Ежелгі қазақ әдет-ғұрып заңдарында мұндай теріс әрекеттер үшін өте қатан жаза тағайындалып, жезөкшелерді қара бет деп жариялап, елден аластатқан. Қазіргі уақыт Асабай Мамытов айтып кеткен осындай ғылыми ойларының, ұсыныстарының өте құнды екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сол сияқты көп әйел алу да қазақ қоғамын дамытпаған, отбасылық ұрпақ тәрбиесінде теріс көріністері көзге түсетіндігін де Асабай

ағайымыз ғылыми тұжырымдамаларымен, өмірде орын алған тәжірибелерді мысалға келтіре отырып, өз тандаушыларына құрышын қандыра түсіндіруші еді.

Асабай Мамытұлы өз өмірін Қазақстанның заң ғылымын дамытуға арнады, көптеген ғылыми мақалалар жазды, монография шығарды. Бұрынғы КСРО кезінде 1965 жылы Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінде заң ғылымдарының докторлығы ғылыми атағын алу үшін қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, оның пайдалы және зиянды жақтарының арақатынастары туралы диссертация қорғады. Бұл ғылыми тақырып кезінде өзекті болды. КСРО-ны мекендейтін көп халықтардың әдет-ғұрып құқықтарындағы пайдалы немесе пайдасыз салттардың ара-жігін ашып көрсеткен тұңғыш ғылыми зерттеу болды.

Асабай ағамыздың тағы бір ерекшелігі— қоғамдық-саяси қызметке белсене араласатындығында еді. Ол студенттердің ғылыми ұйымын өзі басқарып, қылмыс пен жаза мәселелерін терең зерттеуге мән беретін, әрбір студентке қосымша ғылыми еңбектерді оқып, зерттеуге тапсыратын және де сол тапсырмаларды кімнің қалай орындағандығына жете мән беретін. Асабай Мамытұлы кезінде университеттің партия комитетінің бюро мүшесі де болды. Ол үнемі соғыс ардагерлері, жетім-жесірлердің балаларын қорғайтын, оларға жатақхана, стипендия беруді бірінші орынға қоятын, қазақ мектебін бітіргендерге өз тілінде білім алудың мүмкіндіктерін де көп айтатын Асекен еді. Осы мәселе қозғалғанда Асекеңе тіреу болып, оны көп қолдайтын ғалым, заң факультетінің сол кездегі деканының орынбасары доцент Ғаббас Бахтиярұлы Шақаев болатын. Олар қолға алған бастамаларын жүзеге асырмай қоймайтын. Бізді, қазақ балаларын осы екі ағайымыздың достығы, өзара сыйластығы, өз халқына деген

өлшеусіз сүйіспеншілігі ерекше сүйсіндіретін.

Асабай Мамытұлы — қазақ тілінде қылмыстық құқықтан оқулық жазған тұңғыш ғалым. Өмірінің кейінгі біраз жылдарын қылмыстық іс жүргізу кафедрасында өткізген, сонда кафедра меңгерушісі болумен бірге көптеген ғылыми еңбектер жазуға басшылық жасады. Асекеннің тікелей қамқорлығымен Қалимолла Халықов кейіннен үлкен ғалым болды. Заң ғылымдарының докторлығы ғылыми дәрежесін қорғады. Сондай-ақ А.Мамытовтың тікелей басшылығымен қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша оқулық, оқу-әдістемелік құрал, есептер жинақтары жарық көрді. Қазірге дейін университетте оқитын студенттер осы еңбектерді кеңінен пайдалануда.

Белгілі заңгер, көрнекті мемлекет қайраткері 1993 жылы дүниеден озды. Оның атында Алматы қаласында көше бар. Туғанына 106 жыл толып отырған адал ұстаз, көрнекті ғалым, әділ заң қызметкері Асабай Мамытовтың өмір жолы кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге. Оның заңғар тұлғасын еске алып, тағзым ету бізге, шәкірттеріне парыз, аманат.

Асабай Мамытовтың 5 баласы болған, 6 немере, 11 шөбересі бар. Олардың арасында ірі кәсіпкер, банкир, аудармашы, прокуратура қызметкері бар, академик, ғылым кандидаттары шықты.

Қазақта «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген ұлы сөз бар. Асабай Мамытов кісілігі мол, білімі терең, адамгершілігі зор, әділетті жақсы адам, ғылымда терең із қалдырған ұлы ғалым еді. Сондықтан да Асабай Мамытовтың аты өз ұрпақтары арасында мәңгілік сақталады.

Енді ұлағатты ұстазыма деген ыстық ықыласым төмендегідей жыр шумақтарымен өріледі:

*Еске алар шәкірттерің Сізді аға!
Атың қалды мәңгілік ғасырларға.
Өнегелі өмір, қысқа ғұмыр кешсең — дағы
Ұлағатты адам болған өзіңдей жан бар ма?!*

*Өзің едің нағыз қазақ баласы,
Сөздеріңнің құндылығын қарашы.
Еске алсам, әнге қосам өзіңді
Үн қосқандай барша қазақ даласы!*

*Білім, ғылым беруден бірден —
бір айнымадың,
Көп істі даналықпен пайымдадың.
Шәкірттеріңе шабыт беріп, сөз арқылы,
Ғұлама ғалымдарды дайындадың!*

*Өсиет айтып кеттің ұқса көпке,
Жемісін олар алар терін төксе,
Асабай ағамыздың айтқан болжамдары,
Бүгін де жарап жатыр игілікке.*

*Қыранысың ғылымдағы самғаған,
Тұлпарысың әділеттен танбаған.
Шәкірттеріңнің алғаны көп өзіңнен,
Арамызда Сен тірісің, жан Ағам!*

А. АҒЫБАЕВ,

*з.ғ.д., профессор, академик,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Алматы облысының құрметті азаматы*

Бұл күндері Алашорда үкіметінің 100 жылдығы жан-жақты аталып, ұлтқа қызмет етудің машақатын сезе тұра, міндетсінбей, керегесі кең, терезесі тең, еркін, азат ел болуға қол жеткізудің азабын біле тұра, алған беттерінен қайтпай, қаймықпай, алаш идеясына табан тіреп, ұстанымдарына адал болған алаш серкелерінің рухына арналған жиын-шаралар әлі де жалғасын табуда. «Ұлына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» екенін айтқан, ал өзі барша саналы ғұмырын ұлтқа, оның болашағына қызмет етуге сарп еткен алаштың рухани көсемі Әлихан Бөкейханның аталы сөзі жадымызда жаңғырып тұр.

Алаш деп соққан жүрегі...



«Талассыз жеке дара тұр ғой өзі» деп Әлиханды аскақтатуы, «Бір түрлі биіктік бар талабында» деп Әлімхан бойындағы іскерлікті, білімділікті тап басып көрсетіп, қыран секілді қиядағыны шалатын қырағылығын Потаниннің өзі бағалағанын қонымды етіп жеткізуі, «Ерте ояңған кісінің біреуі осы» деп Шәкәрімнің ойшылдығын, данышпандығын танып-бағалауы, «Дәлелі сондай күшті, хәм орынды» деп Халелдің терең ойлылығын, шындық үшін күресте шарболаттай шындалған әділдігін, іскерлігін тануы және қалың елге танытуы Сұлтанмахмұттың да азаматтық ұстанымын, адал көзқарасын танытып, қазақтың оқыған азаматтарына көңілі бұрылып, қалың бұқараны қою шаңның, қалың тұманның арасында қалып қоймай, үміт артар, соңынан ерер ер-азаматтарын осылар дегенді құлбүлтелемей, анық нұсқап тұр. Поэмада алаш оқығандарының асыл бейнелері, іс-әрекеттері, жана ғасыр көгіндегі дәуірдің реалистік сипаты шынайы бейнеленіп, терең сомдалған.

Қазіргі таңда бұл тақырыптың әдебиетте көтеріліп жүрген деңгейіне тоқталсақ, алаш қозғалысы, оның жетекшілері туралы аз жазылып жүрген жоқ. Түсірілген деректі, көркем фильмдер бар. Аталмыш тақырып поэзия жанрында біршама қамтылғанын, алаш рухын, идеясын бүгінмен жалғап, жаңғыртып жырлап жатқанын айтуға тиіспіз. Драмаға келер болсақ, Мағжан Жұмабаев өмірінен жазылып, сахналанған Д.Исабековтің «Жүз жылдық махабатын», Ахаң өмірінің Ташкент түрмесіндегі соңғы сәттері негіз болған И.Оразбаевтың «Киелі күн», Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай», Е.Төлеубайдың «Жүсіпбек Аймауытов» т.б. қойылымдарын атар едік. Ә.Сарайдың алаш қозғалысын, Батыс Алашорда тарихын бейнелеген «Еділ-Жайық» трилогиясын, Д.Досжанның «Алыптың азабы» аталатын алаш қаламгері Мұхтар Әуезов өмірінің мәлім де бейтаныс қырларын сөз еткен романын, «Абақты» сынды алаш арыстарының азапты тағдырын бейнелейтін деректілік сипаты басым туындысын атауға болады. Т.Жұртбайдың, Ө.Әбдиманұлының, А.Ісімақованың, Д.Қамзабекұлының, С.Аққұлұлының, Р.Имаханбеттің т.б. алаштанушылардың еселі еңбегін де осы қатарға жатқызуға болады.

Алаштықтардың ұлт бостандығы үшін басын бәйгеге тіккен талайлы тағдырлары, жүріп өткен жолы, көрген азабы мен мекнаты, азапты өмірі көркем шығармаға арқау болып, ұлттық рухты өзек еткен шығармалары мен аңсар-үміті көркемдік тұрғыдан кескінделсе, экран арқылы насихатталса, ұлт тарихындағы атқарған өлшеусіз еңбегі ел жадында, ұрпақ санасында берік орнығар еді. Мәселен бір ғана «Алаштың Ахметі» атанған Байтұрсынұлының жанкешті тағдыры көркем дүниеге сұранып тұрған жоқ па? Ахаң өмір сүрген дәуірдің шындығы мен сұмдығын көз алдына әкелетін романның немесе көркем фильмнің, отандық телесериалдың қажеттілігі сезіліп-ақ тұр. Мұндай үрдіс, дәстүр өзге елдерде кең жолға қойылып, халықтың рухани қажетін, сұранысын өтеп келе жатқанына талай мәрте куә болып келе жатырмыз. Біз тәуелсіз еліміздің ұландарына, ұрпақ зердесіне алаш мұратына адалдықты ұялатуды үнемі ойлап, ескеріп, әрдайым қадағалап отырудан еш жалықпауымыз керек.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,

филология және әлем тілдері факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы

жүзеге асыру жолында аянбай тер төккен серкелерінің, өкілдерінің іс-әрекетін өлең-жырға қосып, әдебиетіміздің идеялық-тақырыптық және көркемдік тұрғыдан өсуіне мұрындық болған алғашқы қаламдар жасалды. Тікелей аты-жөндері аталмағанымен замана көшін алға сүйреуді өз міндетіне алған алаш көсемдерінің іс-қимылы, бағыт-бағдары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті авторларының үнемі назарында болғанын, жаңа іске дем беру, қолдарынан келсе, көмек беру, алаш серкелерінің жанынан табылу ойлары да жоқ емес екенін байқау қиын емес. Бір ғана «Қазақ» басылымында жарияланған Ш.Құдайбердиевтің «Қазақ құтты болсын», Б.Майлиннің «Алашордаға», С.Дөнентаевтың «Азаттық күні», С.Торайғыровтың «Алашқа», М.Дулатовтың «Алашқа», А.Мәметовтің «Алашқа сәлем», М.Жұмабаевтың «Жарыма» т.б. өлеңдеріндегі айтылар ойдың арнасы алаш ұлдарының ұлт болашағы үшін бастарын бәйгеге тіккен ерен еңбегін, еркіндікке ұмтылған ел тілегін жырлауға барып тіреледі. Осынау үрдісті «Садақ», «Абай», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Сана», «Таң», «Шолпан», «Жас азамат» т.б. мерзімді басылым авторлары іліп әкетіп, алашқа қатысты ақ, адал ойларын өлең-жырларына, көркем дүниелеріне арқау еткені тарихтан мәлім. Бұдан өзге Ж.Аймауытовтың «Не қып жатыр», «Ұран», Ғұмар Қараштың «Алашқа», «Алаш азаматтарына», С.Дөнентаевтың «Қазақтың білгендеріне», «Заман кімдікі», «Қазақтарға қарап» т.б. өлеңдерінде ұлт бостандығы, ел тағдыры, замана сыры терең қамтылып, ұлт болашағына аландық алаш арыстарының ұстанымы айқын білініп жатты. Ж.Аймауытовтың «Әншісі», «Қартқожасы» да алаш мүддесін ескеріп жазған дүниесі десек, М.Әуезовтің қорғансыз ұлттың дәрменсіздігін көрсететін әңгімелері, «Қилы заманы» алаш идеясына суарылған, сол мұратқа адалдықтың нышанындай қабылданғаны анық. Қошқе Кеменгеров өзі өмір сүрген дәуірі жайлы, өз заманының қаһармандары туралы роман жазып, бірақ жариялауға үлгермей, қолды болғаны туралы деректер кездеседі. Көркем әдебиеттің мәселелерін, қыр-сырын жетік білетін, ғылымнан да мол хабары бар талантты қаламгердің арман-тілегі жүзеге асқанда қанша дүниенің сыры ашылып, құпиясы жария болар еді деген де ой келеді санамызға. Әттең, шіркін?!

Заманның соққан желін, қарағайға қарсы біткен бұтақтай талай сынға шыдаған елін, есіл ерін ұлт қаламгерлері өз шығармаларына арқау

етті. Әрқайсысы өздері көрген, куә болған шындықтың көзімен қарауға тырысты. Ақиық ақын Б.Күлеевтің «Ел ерлеріне», «1917 жыл», Ж.Аймауытовтың «Әскер марсельезасы», «Ұран» туындылары – тікелей алаш қозғалысын қолдаған еңбектер, І.Жансүгіровтің де алаш тақырыбынан шет қала алмағанын білеміз. Б.Майлиннің өлең, әңгімелерінде заман лебі, кер заманның бұралаң жолы шынайы суреттелетіні, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың мемуарлық романдарында өткен ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлтымыздың зиялыларының жүріп өткен жолы тиісінше қамтылғаны, алаш қайраткерлеріне қатысты артық-кем дерек-пікірлердің белең алатыны, кейде қостап, бірде даттайтыны да жасырын емес. Аталған қаламгерлер туындыларында тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасының бір арнаға тоғыспайтын, бірін-бірі теріске шығарып тұратын тұстары баршылық. Шырғаланға толы дәуірдің шырмауығына шырмалғандай күй кешіп, ақиқаттың жолын таба алмай адасып, шындықтың бетін малданып, астарын андай алмай қарманғандарды да тарих, уақыт өз орнына қояр.

«Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп жырлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасында сонау 1917-18 жылдардағы қым-қуыт кезеңде-ақ алаш серкелері деген атқа лайық қызмет қылған Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейхановтың есімдерін ерекше ілтүпатпен атап, «қазақ үшін шам қылған жүрек майын» деп ерен еңбегін елеп, күнге, шолпанға, айға балауы көзсіз ерліктің, шын ықыластың көрінісі, алаш ұлдарының асыл бейнесін, адал қызметін қаз қалпында кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдыра алған, олардың сөзбен салынған суреті деуге тұрарлық дүние. Бар мақсат-тілегін бір арнаға тоғыстырып, ерен достықтың, кемел табандылықтың, қайсар рухтың үлгісін көрсетіп берген үшеудің бар болмыс-бітімі, риясыз кейпі тұр бұл жерде. Олардың ұстанған мұратқа табандылығымен, ұлт қызметіне адалдығымен, мойнындағы іске жауапкершілігімен көпке дем беріп, жігерлендіретін қабілеттерінің, елге үлгі боларлық қасиеттерінің мол екенін шынайы тұрғыда кестелеп, бар пейілімен алдына жайып салады. Сондай-ақ, Халелді, Әлімханды, Шәкәрімді, Райымжанды, Нұрғали мен Нәзипаны және т.б. оқығандарды қазақ жұртына таныстыра келіп, олардың әрқайсысының азаматтық болмысын, кісілік келбетін, өзіне тән ерекшелігін сипаттай келе,

Жақында ҚазҰУ-дың журналистика факультеті жанындағы М.Сералин атындағы жастар шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған ойларды жүзеге асыру мақсатында көрнекті жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері Әлібек Асқаровтың жаңа кітаптарының жарық көруіне байланысты «Туған жерге туың тік» атты студенттермен кездесу кеші өтті.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК



мүмкіндігі бар...

Википедияның құрғақ ақпараты қомағай оқырманның шөлін қандыра алмасы белгілі. Мәселен, «Көккөл немесе Қарлы асуда қалған ауыл» атты кітапта жылдар жылымы ел есінен ұмыттырған, Кенді Алтайдың кермек тағдырындай болған, адам аяғы сирек түсетін тау басындағы Көккөл кеніші жайында баяндайды.

Ал «Шабанбай» кітабында жазушы сонау замандарда жергілікті қазақтардан күшпен тартып алып, ақ патшаның жеке иелігіне өтіп кеткен, ата-бабамыздың күншілікке созылаған шұрайлы өңірі жайында шабыттана жазады. Үйрек ұшып, қаз қонған сулы да нулы алқапты армансыз аралап, көзбен көріп, көңілге түйгенін жазушы көркем тілмен жеріне жеткізе суреттейді.

«Шанағаты» атты кітапта еліміздің ең суық нүктесі саналатын Марқакөл өңіріндегі елді мекен туралы әңгіме болады. Бұл жерде қыс айларындағы 40-50 градус суық – әдеткі жағдай. Тіпті бір жылдары осы ауылда 62 градус суық тіркеліпті.

Шығыс Қазақстанның табиғатын, оның әрбір өзені мен көлін, тауы мен тасын бүгешігесіне дейін зерттеп жазған жазушы кейінгі кезде Қазақстанның басқа да қасиетті жерлері жайында қалам тербеуге көшіпті. Жазушының бұл туындылары да сәтті шығып жатқанына оқырман «Егемен Қазақстан» газеті арқылы қанық. Мәселен, «Қазығұрт» атты кітапта адамзат баласы ғасырлар бойы талқылап келе жатқан Топан су тарихнамасы жөнінде баяндалады. Ежелден алуан түрлі аңыз-эпсанаға арқау болған, тұла бойы тұңғық сырға толы Қазығұрт тақырыбы – қашан, қалай айтсаң да қызықты болары хақ. Алайда, бұл кітапта жазушы Қазығұрт пен Қаржантау сілемдерін аралаған әсерінен гөрі, жалпы «Әлемдік Топан судың» тарихына бойлауға тырысады. Топан су туралы түрлі халықтардың аңыздары мен мифтерін саралайды, солардың арасынан Қазығұрттың шындығын алып шығуға ұмтылады. Ол үшін бүгінгі таңдағы ең жаңа деректерге сүйене отырып, қазіргі ағылшынның аса беделді ассиролог-ғалымы Ирвинг Финкельдің пікірлерін алға тартып,

тынан ой түйеді. Ал «Аспантау немесе Альпинизм ақиқаты» кітабы – жазушының бір топ достарымен Хантәңірі тауына сапарынан туған ой-толғамдары. Мұнда Қазақстандағы альпинизмінің дамуы Хантәңірі шыңының игерілуімен сабақтастырыла отырып, осы саладағы санлақ спортшылардың жетістіктерімен таныстырады. Сондай-ақ әлемнің биік шыңдары туралы мағлұмат беріп, аса күрделі саналатын спорт түрінің қызығы мен қиындығынан мол дерек ұсынады.

Аталған кітаптар «Қазақ жерінің құпия сырлары» атты сериямен жарық көрген.

Ал «Қайырымды Үміт мүйісі немесе Жер шетіне саяхат» аталатын кітап-альбом «Өлке» баспасынан «Жұмыр жердің жұмбағы» деген айдармен шыққан. Африка құрлығының оңтүстік қиырындағы Қайырымды Үміт мүйісі (орысша атауы – Мыс Доброй Надежды) – Жұмыр Жердің жұмбаққа толы нүктесінің бірі. Осы арада сулары бір-біріне мәңгі қосылмайтын жап-жасыл Үнді мұхиты мен қарақөк Атлант мұхиты түйісіп жатыр. Жазушы Жердің шеті саналатын осы ғажайып мүйіске сапары төңірегінде әңгімелей отырып, оның ғасырлар қойнауына кеткен арғы-бергі тарихынан сыр шертеді.

Көпшілік оқырманды эстетикалық ләззатқа бөлеп қана қоймай, көптеген тың мағлұматпен байытатын бұл кітаптарды оқырман олжасы деуге әбден лайық. Шағын да болса кітаптардың әрбірі танымдық, тағылымдық көркем дүниелер. Оқырманын өсте жалықтырмайтын, бүгінгі күннің сұранысына толығымен жауап беретін бұл шығармалар жазушының үлкен жетістігі демекпіз. Кеш те осы оқылымды кітаптардай тартымды басталып, қызғылықты өтті. Рухани жүздесуде автор оқырмандарды бірден баурап алды әрі олардың көкейіндегі сұрақтарға жауап берді. Студенттер көкжиегін кеңейтіп, танымын арттырған бұл шара туралы көпге дейін айта жүретіні хақ.

Бауыржан ӘЛІҚОЖА,
баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының аға оқытушысы

Туімқі мәжірибе

ҚазҰУ-дың заң факультеті, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының «Сарапшы-криминалист» студенттік үйірмесі өзге білім беру мақсаттері студенттерімен ынтымақтастықты арттыру мақсатында жуырда «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында «Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы» тақырыбында М.Әуезов атындағы ОҚМУ студенттерімен онлайн-семинар өткізді.

Аталған шарада М.Әуезов атындағы ОҚМУ тарапынан декан орынбасары Б.Д.Жұмәділов сөз сөйлеп, аталған университет оқытушылары – Н.А.Еркебаева, Н.Е.Қайыпжанова, Е.И.Қожаниязов, Б.Ә.Аяпова өз пікірлерін ортаға салды.

Сондай-ақ «Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы» тақырыбында М.Әуезов атындағы ОҚМУ студенттері: Темір Асанхан, Мейірман Белкеш және ҚазҰУ студенттері: Жібек Әбләшім, Дамира Айтқұл, Аймен Мүсіров, Ердаулет Мизам өз көзқарастарымен бөлісті.

«Сарапшы-криминалист» студенттік үйірмесі студенттердің білімдерін жетілдіріп, бәсекеге қабілетті маман болып шығуына үлес қосуды көздейді. Үйірме мүшелері 2018 жылдың сәуір айында өтетін студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясына үлкен дайындық жүргізуде. Еліміздің жетекші университетінің студенті ретінде алдыңғы орыннан көрінуді мақсат етуде. Қазақстанның өзге де қалаларынан қатысып, өз білімін сынап көргісі келетін студенттерге «Сарапшы-криминалист» студенттік үйірмесінің есігі әрдайым ашық.

Сандуғаш ДАУБАСОВА,
қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,
«Сарапшы-криминалист» студенттік үйірмесінің жетекшісі
Гүлмира ӘБУ,
заң факультетінің 3-курс студенті

ЕРЕКШЕ КЕЗДЕСУ

«Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен төтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Өнді сүйсең менше сүй!» – деп, хакім Абай атамыз айтқандай, ән десе арқаланып, күй десе күңіреніп отыратын біз үшін қазақ өмірін ән-күйсіз елестету мүмкін емес. Жақсы ән құлақ құршыны қандырып бір жадыратса, қара домбыраның күмбірлеген үні көңіл-күйді аспандатып тастайды.

Осы орайда баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының аға оқытушысы Тілепберген Ақмөдір Мақсатқызының ұйымдастырумен халқына аянбай еңбек етіп, рухани азық сыйлап жүрген ҚР Мәдениет қайраткері, домбырашы Мақсат Тілепберген және Махамбет атындағы жыршылар байқауының лауреаты, жыршы, термеші Мейрамгүл Орашевамен рухани кездесу кеші өтті. Мәртебелі меймандар студенттер көңілдеріне өнерлерімен өрнек салып, көңілдерін көктемдей жалыратты. Өнер мен өмірде де домбыраның қос ішегіндей жұптарын жазбаған қос өнерпаздың бізге ала келген сыбағалары сүбелі екен.

Мейрамгүл апайымыз Махамбеттің «Мен мен едім, мен едім» өлеңімен бір серпілтіп тастаса, Мақсат ағамыз киелі домбырасымен күй төгілті. Ол кісілердің өмірі, өнері, барлығы да біз үшін қызықты әрі мәнді болды. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Өсіп келе жатқан ұрпақтың үлкендерге қарап бой түзейтінін ескеріп, қадірменді қонақтар ата-аналық ақылдарын айтып, бағыт-бағдар сілтеді. Өмір осындай сәттерімен қызықты. Өнер майталмандарына шын жүректен алғыс айтып, зор денсаулық, барлық жақсылықтарды тілейміз.

Толғанай ЖОЛДЫБАЕВА,
баспагерлік, редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының 3-курс студенті

Учения по лучшим мировым образцам

Проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» по общественным и гуманитарным наукам был предложен Главой государства в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Суть его состоит в создании условий для полноценного образования студентов, изучающих историю, политологию, социологию, философию, психологию, культурологию и филологию.



Фараби был предложен перевод на казахский язык книги Эллиота Аронсона «Общественное животное». Над переводом трудилась группа специалистов – преподавателей психологии, имеющих многолетний опыт преподавания: доцент Э.К. Калымбетова, доцент Н.М. Садыкова, доцент М.К. Жолдасова, руководил группой профессор Д.Д. Дуйсенбеков.

Несколько слов об авторе этой книги и о самой книге.

Ведущий американский социальный психолог, один из наиболее известных и титулованных социальных психологов современности, доктор философии по психологии Стэнфордского университета Эллиот Аронсон родился 9 января 1932 года. Он является членом редакционной коллегии ряда известных психологических журналов. Круг научных интересов составляют вопросы, связанные с изучением методов воздействия на массовое сознание общества, апробация методик для контроля поступающей информации, конструирование информационных сообщений, пропагандой, мифами и спекуляцией. Известен как талантливый оратор, тонкий психолог, виртуозно проводящий лекции и возбуждающий живой интерес у своих слушателей к преподаваемому предмету. Изданием «Справочника по социальной психологии» он занимался около двадцати лет. Его деятельность оценена множеством премий. Особую известность Аронсон получил как популяризатор социальной психологии, автор многочисленных учебников, в том числе одного из лучших современных учебников по социальной психологии – науке о поведении человека в социуме – книга «Общественное животное. Введение в социальную психологию».

Эта книга о том, как жить надо в обществе, как правильно взаимодействовать с другими людьми, находясь постоянно под их влиянием. В книге мы находим примеры, показывающие скрытые механизмы и

принципы функционирования общества, алгоритм поведения людей в невротизирующей среде обитания – мегаполисах, автор не обошел вниманием вопросы, связанные с массовой культурой и взаимопроникновением цивилизаций и мировоззрений. Но главным, на что делается акцент в книге, является вопрос о том как сохранить свою личность и действовать в обществе как полагается человеку, а не животному. Автор убеждает читателя, что знание законов социальной психологии позволяет человеку понять причины поступков, мыслей и эмоций других людей, узнать, как можно влиять на человека и избежать влияния, уяснить, какие механизмы лежат в основе развития общества и что следует предпринять, чтобы общество процветало. В книге описание исследований, выводы, теории, гипотезы, эксперименты написаны на удивительно простым и понятном языке, объясняющем такие социальные феномены, как: конформность, предубеждение, убеждение, агрессия и любовь.

Книга на казахском языке может быть использована в учебном процессе по подготовке психологов, педагогов, социологов, специалистов гуманитарного направления, адаптированных к глобальной конкуренции в сфере знания. Это прекрасная возможность нашей молодежи учиться по лучшим мировым образцам. Качественный перевод книги – вклад кафедры в реализацию идеи Лидера Нации, в открытие новых горизонтов духовного развития казахстанского общества.

З.Б. МАДАЛИЕВА,
заведующая кафедрой, профессор

Психическое здоровье населения – ОСНОВА БЛАГОПОЛУЧИЯ ОБЩЕСТВА

На базе Казахского национального университета имени аль-Фараби 19-20 января 2018 года прошла первая Международная конференция «Укрепление психического здоровья детей и подростков».



главное – ребенок накормлен, обут, одет, и в результате дети из благополучных и полных семей зачастую имеют больше внутренних проблем, чем из малообеспеченных семей. Лекторы просили обратить внимание аудитории, что и бедность также влияет на психическое здоровье подростков, наряду с генетическими и физическими проблемами. Особое внимание выступающими было уделено вопросам роли школ в укреплении психического здоровья и безопасности школ в вопросах профилактики суицида, тревоги и депрессии для детей и подростков. На панельных сессиях более подробно рассматривались вопросы интернет-зависимости, азартных игр с психическими расстройствами. Отдельная сессия была посвящена детям и подросткам, подвергшимся психологической травме с детства, жестокому обращению и насилию в семье. Особый интерес вызвала постерная сессия. Председатель секции превенции суицидов Всемирной Ассоциации психиатров профессор Марко Саркопоне предложил опубликовать постеры в своем журнале.

Также рассматривалась роль высшего образования и постдипломной подготовки кадров

в здравоохранении, в РК существует налаженная система подготовки врачей-психиатров на всех уровнях образования. В этой связи министр здравоохранения Е.А. Биртанов посетил медицинский факультет КазНУ и Клинико-диагностический центр и дал положительную оценку проводимой работе.

По итогам конференции была принята резолюция, предусматривающая меры профилактики суицида со стороны системы здравоохранения и общества. По мнению специалистов, для этого необходимо приложить определенные силы и средства на поддержание и укрепление психического здоровья детей и подростков. В продолжение темы конференции прошел мастер-класс по вопросам психиатрии, где участвовали резиденты, врачи с разных вузов РК и специалисты из профильных организаций.

Г.Ж. КАПАНОВА,
К.С. БАЙГОНОВА,
кафедра политики и
организации здравоохранения

БИОЛОГИЯ факультетіне саяхат

Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіндегі жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы биыл да шет елдерден – Қытай Халық Республикасы, Монғолия, Өзбекстан Республикасынан келген жастарымызды аталған кафедраға тыңдарман ретінде оқуға қабылдады.

Жастардың, шамамен жартысына жуығы, «Биология» мамандығын таңдаған. Олар – болашақта биология, биотехнология, генетика, экология, т.б. салалардың мықты маман иесі болуды көздеген жастар. Биология ғылымына қызығушылығы жоғары, осы сала туралы білгісі, көргісі, оқығысы келеді. Осыған байланысты жуырда биология факультетінің мұражайына саяхат жасалды. Онда тыңдарман жастар көптеген мәліметтер алып, мұражай қызметкерлерімен пікір алмасты. Факультеттің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасын аралады. Кафедраның зерттеу лабораториялары, гербарий түрлерімен танысып, ғылыми жұмыстар туралы мағлұмат алды. Сонымен қатар, микроскоппен жұмыс жасап, жапырақтың, өсімдік сабағының анатомиялық ерекшеліктерін көріп, сабақты теориямен ұштастырды.

Тыңдармандар көтеріңкі көңіл-күймен, болашақта сеніммен жатақханаларына оралды. «Алда әлі білім алу жолында талай белестер, асулар бар, оны менгеру – міндетіміз», – деп тұжырымдады саяхаттан жігер алған тыңдармандар.

А.Е. ҮСЕНБЕКОВА,
жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3043

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.